

"Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 сәуірдегі N 400 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заны

Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы

Осы Зан адамның және адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыш негіздерін қорғау, Қазақстан Республикасының тұтастыры мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастыруышлық негіздерін айқындайды.

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) экстремистік әрекеттерді ұйымдастыру - экстремистік әрекетті жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталған, соның ішінде экстремистік әрекетті жүзеге асыру құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе сатып алу, осындай әрекеттерді қаржыландыру, адамдарды азғырып-көндіру жөнінде жеке және/немесе занды тұлғалар әрекеттерін жиһнтығы;

2) экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл - экстремизмнен жеке адамды, қоғамды және мемлекетті қорғауға, экстремистік әрекеттің алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және оның зардаптарын жоюға, сондай-ақ экстремистік әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және болдырмауға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметі;

3) экстремистік әрекеттің алдын алу - экстремистік әрекеттің жолын кесуге бағытталған ұйымдастыруышлық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі;

4) экстремистік әрекеттерді жасау - экстремистік мақсаттағы жоспарланған әрекеттерді, осындай әрекеттерді жасауға шақыратын жария үндеулерді, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттау және көпшілікке көрсетуді қоса алғанда тікелей

і с к е

а с ы р у ;

5) экстремистік әрекет (экстремизм) -

белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымның атынан әрекеттерді адамның, адамдар тобының не ұйымдардың;

мынадай экстремистік мақсаттарды: Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күшпен өзгертуді, егемендігі мен тұтастығын және оның аумағының біртұтастығын бұзуды, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметтің күшпен басып алуды немесе өкіметтің күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, басшылық жасауды және қатысады, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысады, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

мемлекетте бір ұлттың ұstemдік етуін орнықтыруды, сондай-ақ нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

мемлекетте бір діннің немесе діни ағымның ұstemдік етуін орнықтыруды, сондай-ақ діни алауыздықты қоздыруды (діни экстремизмді) ұйымдастыруы және/немесе жасауы;

діни алауыздықты қоздыруға, адамның жеке басын бұзуға, оның денсаулығы мен өміріне (діни экстремизм) қауіп төндіруге бағытталған әрекеттерді жасауда көрінетін түбегейлі діни нағымнан сенім бостандығына берілушілік;

6) экстремистік ұйымдар - оның қызметіне ұйымдастан сипатты белгілеуге мүмкіндік беретін айырым белгілері (атауы, нышаны) бар экстремистік қызметті жүзеге асыратын және сот экстремистік ұйым деп таныған адамдардың бірлестігі немесе заңды тұлға;

7) экстремистік материалдар - экстремистік әрекетті жүзеге асыруға шақыратын не осындағы әрекетті жүзеге асыру қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын жария етуге арналған кез-келген мақсаттағы құжаттар не өзге де тасымалдардағы ақпарат.

2-бап. Қазақстан Республикасының экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылдар туралы заңдары

1. Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді әрі осы Заңдан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасында экстремистік ұйымдарды құруға тыйым салу

Қазақстан Республикасының аумағында мақсаттары немесе іс-қимылдары экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған ұйымдарды құруға және әрекеттіне тыйым салынады .

Зандарда белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атауларын құрылатын ұйымдардың атауларында пайдалануға жол берілмейді.

4-бап. Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері

Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл мынадай:

заң үстемдігі және оның нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, әлеуметтік топтарға тиесілігіне қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тенденция;

Қазақстан Республикасында оны білдіру нысанына қарамастан экстремистік әрекетті жүзеге асыруға жол бермеу;

экстремистік әрекетті жүзеге асыру үшін жағдай жасау мен мүмкіндіктердің алдын алыну;

қоғамдық, соның ішінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімдердің сақталуын қамтамасыз ету;

азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету басымдығы;

экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылда мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен, өзге де ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл принциптеріне негізделеді.

5-бап. Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл мынадай негізгі бағыттар:

экстремистік әрекеттің алдын алуға, соның ішінде экстремистік әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алдын алу шараларын қабылдау;

ұйымдар мен жеке тұлғалардың экстремистік әрекетін анықтау және жолын кесу;

экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл саласында халықаралық ынтымақтастық бойынша жүзеге асырылады.

6-бап. Экстремистік әрекеттің алдын алу

1. Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл мақсатында мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде экстремистік әрекетті болдырмауға бағытталған мынадай алдын алу шараларын іске асады:

1) діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктер мен діни-ағартушылық қызмет арқылы қандай да бір дін ілімін уағыздау және (немесе) таратумен айналысатын шетелдік азаматтардың қызметін зерделеуді және талдауды жүзеге асырады, оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихат іс-шараларын жүзеге асырады, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы зандардың бұзылуына қатысты мәселелерді қарайды, Қазақстан Республикасының экстремистік әрекетке

қарсы іс-кимыл туралы заңдарын бұзатын діни бірлестіктердің қызметін тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;

2) бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі уәкілетті орган оларда экстремизмді насиҳаттау мен ақтауға жол бермеу мақсатында олардың Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау мәніне бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің мониторингін өткізеді, мемлекеттік тапсырысты орындастын бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелерін жариялады қамтамасыз етеді;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган барлық деңгейдегі білім беру үйымдарында экстремизмге қарсы идеологияларды қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын жасауды және қолдануды қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары экстремистік әрекеттің алдын-алу мақсатында жалпы және арнаулы жедел-іздестіру шараларын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардың уәжді қорытындылары бойынша өздерінің іс-әрекеттерімен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруіне жол бермеу жөніндегі мәселелер бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары экстремистік сипаттағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын-алу мақсатында заңдарға сәйкес жедел-іздестіру қызметін, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімгерлік функцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздерінің іс-әрекеттерімен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан алаstatуды жүзеге асырады;

6) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-кимылды жүзеге асырады, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) аумағында құрылған діни бірлестіктер мен діни-ағартушылық қызмет арқылы қандай да бір дін ілімін уағыздау және (немесе) таратумен айналысатын шетел азаматтарының қызметін зерделеуді жүзеге асырады, олар туралы деректер банкін құрастырады, өнірлік деңгейде олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насиҳат іс-шараларын жүзеге асырады, өнірдегі діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік немесе халықаралық үйымдардың экстремистік әрекетінің алдын-алу мақсатында басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық үйымды Астана қаласының соты прокуратура органдарының мәлімдемесі бойынша

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен экстремистік деп таңылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өзінің құзыretі шегінде прокуратура органдарына басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік деп тану үшін қажетті аймақтық базаны қалыптастыру үшін материалдар беруге міндettі.

7-бап. Экстремистік әрекетті анықтау және жолын кесу

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдары осы органдардың жүргізуіне жатқызылған заңдармен қылмыстарды анықтайды, жолын кеседі, ашады және тергейді, сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Прокуратура органдары жеке, заңды тұлғалардың және олардың аймақтық немесе басқа да құрылымдық бөлімшелерінің экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл саласында заңдарды бұзу фактілерін тапқанда немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер болса, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделеріне елеулі зиян келтіретін экстремистік материалдарды таратқан жағдайда, экстремистік әрекеттің кез-келген көрінісін, осындай әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру туралы прокурорлық қадағалау актілерін шығарады, ұйымдардың әрекетін олар экстремистік әрекетті жүзеге асырған жағдайда тоқтата тұру және тыйым салу туралы сотқа өтініш береді, сондай-ақ заңдарда белгіленген тәртіппен және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

3. Өзге де мемлекеттік органдар заң актілерінде белгіленген олардың құзыretі шегінде экстремистік әрекетті анықтау мен жолын кесуге қатысады.

8-бап. Экстремистік ұйымдарды және экстремистік әрекет жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған

адамдарды есепке алу

1. Экстремистік әрекеттің алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган сот шешімдерінің негізінде экстремистік ұйымдардың және экстремистік әрекет жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған адамдардың есебін жүргізеді.

2. Сот ұйымды экстремистік деп танығанда, не олар экстремистік әрекетті жүзеге асырғанда ұйымдардың қызметін тоқтата тұрғанда немесе тыйым салғанда (таратқанда) және адамдарды экстремистік әрекет жасағаны үшін жауапкершілікке тартқанда сот құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға ақпараттық есепке алу құжаттарын дереу жолдауға міндettі.

3. Экстремистік ұйымдардың тізбесі сот экстремистік деп таныған Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын ұйымдардың

атауын, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағында экстремистік әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымдарды қамтиды.

9-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің және халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен экстремистік әрекеттің алдын алу, анықтау мен жолын кесу саласында өзара іс-қимылы

Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының зандарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен экстремизмге қарсы құрес саласында бірлесіп әрекет етеді, Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жедел-іздестіру шараларын жүргізеді.

Осы Заңның 7-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мемлекеттік органдар өзінің аумағында басқа мемлекеттің құзыретті органдарының өтініші бойынша экстремистік әрекетке қатысы бар адамдарды олардың экстремистік іс-әрекетті жүзеге асыру орнына қарамастан қудалайды.

10-бап. Ұйымдардың экстремистік әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылығы

1. Занды тұлғаның, сондай-ақ шетелдік және (немесе) халықаралық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызмет, олар экстремистік әрекетті жүзеге асырған жағдайда Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен тоқтатыла тұрады немесе тыйым салынады (ұйымдарды тарату).

Бұқаралық ақпарат құралдары меншік иесінің немесе таратушының қызметі осы бұқаралық ақпарат құралын пайдалана отырып экстремистік әрекетті жүзеге асырған жағдайда тоқтатыла тұрады немесе тыйым салынады.

Занды тұлғаның қызметіне, ол экстремистік әрекетті жүзеге асырғанда, сот тыйым салу (тарату) туралы шешім қабылдаған жағдайда оның өнірлік және басқа құрылымдық бөлімшелері де таратылуға жатады.

2. Адамдар бірлестігінің қызметіне ол экстремистік әрекетті жүзеге асырған жағдайда осы Заңның 7-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген органдардың өтініші бойынша сот арқылы тыйым салынады. Адамдар бірлестігінің қызметіне ол экстремистік әрекетті жүзеге асырғанда сот тыйым салу туралы шешім қабылдаған жағдайда, оған жиналыс және басқа да бұқаралық шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ насиҳат пен үгітті жүзеге асыруға тыйым салынады.

3. Ұйымды экстремистік деп тану туралы мәлімдемені, осы Заңның 6-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, ішкі істер органдары немесе Қазақстан Республикасының азаматтары сотқа береді.

4. Ұйымды экстремистік деп тану, оның қызметін тоқтата тұру және тыйым салу сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Үйым, егер оның құрылымдық бөлімшелерінің тек біреуі ғана болса да осы үйымның басшы органдарының біреуінің қолдауымен экстремистік әрекетті жүзеге асырса, экстремистік деп танылады.

11-бап. Желілер мен байланыс құралдарын экстремистік әрекетті жүзеге асыру үшін пайдалануға жол бермеу және экстремистік материалдарды басып шығару және тарату

Қазақстан Республикасының аумағында желілер мен байланыс құралдарын экстремистік әрекетті жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды басып шығаруға және таратуға тыйым салынады.

Желілерді немесе байланыс құралдарын жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мұдделеріне нүқсан келтіретін экстремистік әрекетті жүзеге асыру үшін пайдаланған жағдайда, мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кез келген желілер мен байланыс құралдарының қызметін тоқтатуға және оларды пайдалануға тыйым салуға құқығы бар.

Ақпараттық материалдарда экстремизм белгілерінің бар-жоғын анықтауды осындай материалдарды басып шығаруды жүзеге асырған ұйымның орналасқан жері бойынша прокурордың мәлімдемесінің негізінде сот жүзеге асырады.

Соттың ақпараттық материалдарда діни экстремизм белгілерінің бар-жоғын анықтауды үшін сот сараптамасының қорытындысы міндетті.

12-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың экстремистік әрекетті жүзеге асырғаны үшін жауаптылығы

Экстремистік әрекетті жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Экстремистік ұйымдардың қатысуышы деп танылған немесе экстремистік әрекет жасаған адамның мемлекеттік қызметке, әскери қызметке және құқық қорғау органдарындағы қызметке, сондай-ақ білім беру ұйымдарындағы жұмысқа және күзет қызметімен айналысуға қол жеткізуі шектелуі мүмкін.

13-бап. Жаппай акцияларды жүргізу кезінде экстремистік әрекетті жүзеге асыруға жол бермеу

Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен бой көрсетулер өткізген кезде экстремистік әрекетті жүзеге асыруға жол берілмейді. Жаппай акцияларды ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының заңдарында жаппай акцияларды өткізу тәртібіне қатысты белгіленген талаптардың сакталуы үшін жауапты болады. Атаптан жауаптылық туралы респубикалық маңызы бар қаланың, астананың және ауданның (облыстық маңызы бар қала) жергілікті атқарушы органы оны өткізгенге

дейін жаппай акцияларды ұйымдастырушыларға жазбаша нысанда ескертіп қояды.

Жаппай акцияны өткізген кезде оларға қатысу үшін экстремистік ұйымдарды тартуға, олардың нышандарын пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды таратуға жол берілмейді.

Осы бапта көзделген мән-жайлар байқалған жағдайда жаппай акцияны ұйымдастырушылар немесе оны өткізуге жауапты өзге де тұлғалар көрсетілген бұрмалауларды түзету жөнінде шұғыл шаралар қолдануға міндетті. Осы міндеттердің сақталмауы жаппай акцияны тоқтатуға әрі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен оны ұйымдастырушылардың жауапты болуына әкеліп соқтырады.

14-бап. Мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру

Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік орган жүзеге асырады.

15-бап. Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл жөніндегі заңдардың орындалуын қадағалау

Осы Заңның және экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына ең жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Прокуратуrasesы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК